

Директорлар кеңесінің 25-ші қазан 2022 жылғы №931 Хаттамасына №3 Қосымша
Директорлар кеңесі шешімімен бекітілген
(25 қазан 2022 жылғы №931 Хаттама)
Банктік салым қосылу шартының
(жеке және заңды тұлғалар үшін)
Үлгілік нысаны

**Банктік салым қосылу шарты
(жеке және заңды тұлғалар үшін)**

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы банктік салым қосылу шартымен (бұдан әрі – Шарт) салымшының «Казақстан-Зираат Халықаралық Банкі» Еншілес Банкі» Акционерлік қоғамындағы (бұдан әрі - Банк) банктік салым шотында (бұдан әрі – Шот) осы Шартта белгіленген талаптарда ақшаны (бұдан әрі - Салым) орналастырудың стандартты талаптары айқындалады. Салымдардың шарты мен талаптарын (мерзім, сыйақы мөлшерлемесі, жылдық тиімді мөлшерлемесі, валюта, салымның ең аз сомасы, қосымша жарнаның ең аз сомасы, төмендетілмейтін қалдықтың мөлшері және өзге де талаптар) банктің уәкілетті органды бекітеді және Банктің www.kzibank.kz мекенжайы бойынша интернет желісіндегі ресми сайтында (бұдан әрі – Банктің сайты) және/немесе Банктің филиал жайларының операциялық залдарында орналастырылады. Шарт Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабына сәйкес жасалатын қосылу шарты болып табылады.

1.2. Шарт банк салымын ашуға салымшы қол қойған өтінішті (бұдан әрі – өтініш) Банктің филиалына беру жолымен жасалады. Салымды орналастыру шарттары (салым түрі, салым валютасы, сома, мерзім, сыйақы мөлшерлемесі, жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі, сыйақы төлеу тәсілі, сондай-ақ толықтыру/ішінара алу операцияларын жүргізу мүмкіндігі және мерзімінен бұзын бұзу шарттары) өтініште айқындалады.

1.3. Банктің салымшыдан өтінішті қабылдауды салымшының Шартқа қосылуын білдіреді. Банк өтініште қабылдағаны туралы белгі қойғаннан кейін өтініш қабылданды деп есептеледі. Салымшы қол қойған өтініш Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады. Салымшы толтырған және қол қойған өтініш салымшының Шартты толық қолемде, ешқандай ескертулер мен қарсылықтарсыз алғанын, оқығанын, түсінгенін және қабылдағанын күйеландырады.

1.4. Шарт жасалды деп есептеледі және салым сомасы шотқа түскен күннен бастап қүшіне енеді және тараптар арасында толық өзара есеп айырысады жүзеге асыруды қоса алғанда, Тараптар оның барлық талаптарын орындағаннан кейін өзінің қолданылуын тоқтатты деп есептеледі. Шартта қозғалмаған, бірақ Шарттың нысанасына жататын мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

2. Терминдер мен анықтамалар

Банк – «Казақстан-Зираат Халықаралық Банкі» Еншілес Банкі» Акционерлік қоғамы.

Салым – Шартпен және Өтінішпен белгіленген шарттарда шотқа белгілі бір мерзімге енгізілген ақша.

Салымшы – атына Шот ашылған және Шартқа сәйкес Салым салынған клиент, жеке немесе заңды тұлға.

Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі – сенімді, жылдық, салыстырмалы есептеуде тиімді сыйақы мөлшерлемесі.

Шарт – Банктегі Шотқа салымды орналастыру шарттары мен тәртібін айқындайтын банктік салым қосылу шарты.

Өтініш - банктік салымды ашуға арналған өтініш Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады және орналастырылатын салым талаптарын, мысалы: салым түрі, салым валютасы, сомасы, мерзімі, сыйақы мөлшерлемесі, жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі, сыйақы төлеу тәсілі, толықтыру/ішинара алу операцияларын жүргізу мүмкіндігі және мерзімінен бұрын бұзу шарттары, сондай-ақ салымшының сәйкестендіру деректерін анықтайды.

Шартты ұзарту – салымды орналастыру мерзімі аяқталғаннан кейін оны жаңа мерзімге орналастыру.

Жұмыс / банк құні – банктегі Қазақстан Республикасында операциялар жасайтын құнтізбелік құн (ресми демалыс және жұмыс істемейтін мереке күндерінен басқа).

Жинақ салымы – белгілі бір мерзімге енгізілген салым. Салымды қайтару салымшы өтініш берген күннен бастап құнтізбелік отыз күнге дейін жүзеге асырылады.

Тараптар – Банк және Салымшы.

Шот – мерзімді/жинақ салымын есепке алу және онымен операцияларды көрсету мақсатында шарттың талаптарына сәйкес ашылған клиенттің банктегі банктік салымшының шоты.

Жеке тұлғалар – заңды тұлға құрмай жеке тұлғалар мен кәсіпкерлер.

3. Шарттың мәні

3.1. Банк салымшыдан салымды қабылдайды және оны Шартта және өтініште белгіленген талаптарда шотқа орналастырады.

3.2. Салымды орналастыру шарттары банктік салымды ашуға арналған өтініште айқындалады.

3.3. Салымды қабылдауды салымшы ағымдағы/карточкалық/есеп айырысу шотын (бұдан әрі – ағымдағы шот) ашқан жағдайда Банк жүргізеді, одан Банк өтініш пен шарт негізінде салым сомасын есептен шығарады не салымшы салым сомасын банктік салым шотына қолма-қол енгізеді.

3.4. Салымшы Банкте ашылған салымшының ағымдағы шотында өтініште көрсетілген салым сомасын қамтамасыз еткен кезде салым банктік салым шотына қолма-қол ақшамен не ағымдағы шоттан қолма-қол ақшасыз жолмен енгізілуі мүмкін.

3.5. Банкте салым мен шоттың ашылғанын растайтын құжат Банктің салымды қабылдағаны туралы белгісі бар өтініш болып табылады.

4. Шарттың негізгі талаптары

4.1. Өтініште көрсетілген сыйақы мөлшерлемесі Шарттың қолданылу кезеңіне (салымды орналастырудың барлық мерзіміне) белгіленіп қалады.

4.2. Егер салым шарттарында көзделген болса, сондай-ақ қосымша жарнаның ең аз сомасы сақталған жағдайда, салым бойынша қосымша жарналарды қабылдауға жол беріледі.

4.3. Қосымша жарналарды енгізу салымшының ағымдағы шотында Банк салымшының тиісті тапсырмасы негізінде есептен шығаратын қосымша жарна сомасын қамтамасыз ету не салымшының банк салымшының шотына қолма-қол ақшамен салым сомасын енгізуі арқылы жүзеге асырылады.

4.4. Егер Банк банктік салымның тиісті түрін қабылдауды тоқтатса, Банк мұндай салымдарды қабылдаудың күші жойылған сәттен бастап салымға қосымша жарналарды қабылдаудан бас тартуға құқылы.

4.5. Осы Шарт, сондай-ақ салымшы банкке салым бойынша артық төленген сыйақы сомаларын, сондай-ақ Банктің тарифтеріне және салымшының банк алдындағы берешегінің өзге де сомаларына сәйкес комиссиялық сыйақыны қайтару не қате не санкцияланбаған төлем

және/немесе осы Шартта белгіленген тәртіппен және банк дербес айқындастын мерзімдерде аударуға құқылы.

4.6. Салым бойынша артық төленген сыйақы сомаларын қайтару мақсатында салымшының шотын тікелей дебеттеуді осы Шарттың негізінде салымшы қандай да бір қосымша келісімдер бермей, банк дербес жүргізеді.

5. Салымды ұзарту тәртібі

5.1. Банк сыйақы мөлшерлемесін қоспағанда, салым аяқталған күні салымды сол мерзімге және сол шарттарда автоматты түрде ұзартуды жүргізеді.

5.2. Ұзарту кезінде салым автоматты түрде Шарттың сол талаптарында, шартты ұзарту күніне Банк белгілеген мөлшерлеме бойынша сол мерзімге орналастырылады.

5.3. Шартты автоматты түрде ұзарту 6 (алты) реттен артық емес жүргізіледі, содан кейін салым мен есептелген сыйақыны Банк салымшыны қосымша хабардар етпей салымшының ағымдағы шотына төлейді.

5.4. Шартты ұзарту кезінде сыйақы мөлшерлемесі өзгерген жағдайда Банк осындай өзгерістер туралы, сондай-ақ банк тарифтеріндегі өзгерістер туралы осы ақпаратты салымшы өз бетінше танысуға тиіс Банктің сайтында орналастыру арқылы хабардар етеді.

5.5. Егер Банк банктік салымның осы түрін қабылдауды тоқтатса, Банк салым мерзімі өткеннен кейін (оның ішінде ол соңғы ұзартылғаннан кейін) шартты ұзартпауга және салым сомасын ағымдағы шотка аударуға құқылы.

5.6. Салымның осы түрі бойынша ақша қабылдауды тоқтатқан және оны кейіннен ұзарту мүмкін болмаған жағдайда, Банк бұл туралы салымшыларды Банк филиалдары үй-жайларының операциялық залдарында және/немесе Банктің сайтында тиісті хабарлама орналастыру арқылы хабардар етеді.

5.7. Жеке тұлғалардың салымдарына кепілдік беру шарттары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес белгіленеді.

6. Салымның бір бөлігін қайтару

6.1. Салымның бір бөлігін салымшының талабы бойынша қайтару, егер мұндай шарт өтініште көрсетілген салым шарттарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес көзделсе, жүзеге асырылады.

6.2. Салымның бір бөлігін қайтаруды шоттағы қалдық салымның бір бөлігін алып қойғаннан кейін Банк айқындаған банк салымының осы түрі бойынша ең төмен сомадан (төмендетілмейтін қалдықтан) кем болмайтын жағдайда Банк жүзеге асырады.

6.3. Салымның бір бөлігін қайтару салымның талап етілген бөлігін салымшының ағымдағы шотына аудару не Банк кассасы арқылы қолма-қол беру жолымен орындалады.

7. Салымды қайтару және сыйақыны төлеу

7.1. Салымды қайтару салымды салымшының ағымдағы шотына аудару жолымен орындалады.

7.2. Сыйақы салым сомасы шотқа түскен күннен кейінгі күннен бастап осы Шартта белгіленген мөлшерлеме бойынша жылына 365 (үш жұз алпыс бес) күн есебінен, салымға ақша орналастырудың күнтізбелік күндерінің нақты саны үшін есептеледі және салым талаптарына сәйкес төленеді. Салым бойынша сыйақыны есептеу мақсаттары үшін салымды қабылдаған күні сыйақы есептелмейді.

7.3. Салым бойынша сыйақыны төлеу (капиталдандыру) кезеңділігі өтініште белгіленеді. Салым мерзімі ұзартылған кезде салым бойынша сыйақы төлеу кезеңділігі өзгермейді.

7.4. Сыйақыны төлеу (капиталдандыру) кезінде Банк Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген жағдайларда, мөлшерде және тәртіппен табыс алуға байланысты салымшы төлеуі тиіс салықтарды ұстайды.

7.5. Егер салымды қайтару/ сыйақыны төлеу күні демалыс немесе мереке күніне түссе, салымды қайтару / сыйақыны төлеу капиталданыруды ескере отырып, демалыс/мереке күнінен кейінгі бірінші жұмыс күні жүргізледі.

7.6. Салымды қайтару Шарттың қолданылу мерзімі аяқталған күннен кейінгі күні жүргізледі. Шартты мерзімінен бұрын бұзған кезде мерзімді Салымды қайтару салымшы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 765-бабының 2-1-тармағына сәйкес шартты бұзу туралы өтініш берген күннен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күннен кешіктірлемей, ал жеке тұлғаның жинақ салымын күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей жүргізледі.

7.7. Банк Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген негіздер бойынша шоттан салым сомаларын алу туралы үшінші тұлғалардың талаптарын орындаған күннен бастап осы Шарттың 9.2.10-тармағына сәйкес тыйым салынған кезде сыйақы есептеу жағдайларын қоспағанда, сыйақы есептеу жүргізлмейді.

8. Шартты мерзімінен бұрын бұзу

8.1. Шартты мерзімінен бұрын бұзу салымшының бастамасы бойынша оның өтініші негізінде, банк салымының осы түрінің талаптарына сәйкес, тараптардың келісімі бойынша не Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және осы Шартта көзделген жағдайларда және тәртіппен Банктің бастамасы бойынша жүзеге асырылады.

8.2. Салымшының бастамасы бойынша не банктің бастамасы бойынша, оның ішінде Тараптардың өзара келісімі бойынша шарт мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда (оның ішінде автоматты түрде ұзартылғаннан кейін) сыйақы банктік салымының осы түрінің талаптарына сәйкес төленеді.

9. Банктің құқықтары және міндеттері

9.1. Банк құқылы:

9.1.1. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шарттың осы тармағында көзделген тәртіппен Шартқа, салым талаптарына, тарифтерге өзгерістер, толықтырулар енгізу. Банк өзгерістер мен толықтырулар туралы хабарламаны филиалдар үй-жайларының операциялық залдарында және/немесе Банктің сайтында олар қолданысқа енгізілген күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей орналастырады. Банктің салымшыдан қолданысқа өзгерістер/толықтырулар енгізілген күнге дейін шотты жабуға жазбаша өтініш алмауы салымшының шарттың жаңа (өзгерілген) редакциясымен келісуін білдіреді. Шартқа қосымша келісім жасалмайды және салымшының келісімін жазбаша раставу талап етілмейді.

9.1.2. Егер мұндай талаптар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес көзделсе, осы Шарт бойынша жеке тұлғаның салымына кепілдік беру шарттары біржақты тәртіппен өзгертуге.

9.1.3. Салымшыға шот ашқан кезде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес Банк айқындастырын тізбеге сәйкес құжаттарды, сондай-ақ Қылмыстық жолмен алынған кірістерді зандастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-кимыл мақсаттары үшін, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, шот бойынша жүргізілетін банк операцияларына қатысты құжаттарды ұсынууды талап етуге, терроризмді қаржыландыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасының талаптарын сақтауға.

9.1.4. Салымшы шот бойынша операциялар жүргізген кезде салымшының, салымшының уәкілетті өкілінің жеке басын күәландыратын құжаттағы қолының сәйкестігін өтініште және құжатта көрсетілген қолтаңбаның үлгілерімен салыстырып тексеру. Қол сәйкес келмеген жағдайда мән-жайлар анықталғанға дейін шот бойынша операциялар жүргізілмейді.

9.1.5. Банк ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жүргізуден, сондай-ақ іскерлік қатынастар орнатудан бас тартуға және (немесе) клиент іскерлік қатынастарды Қылмыстық жолмен алынған кірістерді зандастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру

мақсатында пайдаланады деген күдік болған жағдайда клиентпен іскерлік қатынастарды тоқтатуға құқылы.

9.1.6. Банк терроризмді және экстремизмді қаржыландыруға байланысты тұлғалардың тізіміне енгізілген клиенттің банктік шоттары бойынша, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты үйымдар мен тұлғалардың тізбесіне, сондай-ақ қаржыландыруға байланысты тұлғалардың тізіміне енгізілген жеке тұлға бенефициарлық меншік иесі болып табылатын клиенттің банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға құқылы сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты үйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізіледі.

9.1.7. Салым бойынша артық төленген сыйақы сомасы, осы Шартта көзделген тәртіппен қызмет көрсету қүніне қолданыста болған Банк Тарифтеріне сәйкес, ол бойынша жасалатын операциялар бойынша комиссиялық сыйақы, сондай-ақ Тараптар арасында жасалған мәмілелер бойынша берешек сомасы акцептсіз тәртіппен ағымдағы шоттан есептен шығаруға.

9.1.8. «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген негіздер бойынша және тәртіппен салым беруді тоқтата тұруға.

9.1.9. Шарттың қолданылу мерзімі шегінде салым сомасын өз қалауы бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қайшы келмейтін мақсаттарда пайдалануға;

9.1.10. Салымды/салымның бір бөлігін салымшының шотынан оның келісімінсіз алып қою туралы үшінші тұлғалардың талаптарын орындау және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, осы Шартта көзделген жағдайларда шығыс операцияларын тоқтата тұруға;

9.1.11. Салым ұзартылған жағдайда салым бойынша сыйақы мөлшерлемесі біржақты тәртіппен өзгертуісін, егер салым ұзартылған кезде салымның осы түрі бойынша өзге сыйақы мөлшерлемесі қолданылады.

9.1.12. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және осы Шартта көзделген жағдайларда және тәртіппен шотты жабуға.

9.1.13. Операцияларды жүргізу сомасы, Интернет-банкингте операциялар жасау уақыты бойынша шектеулер белгілеуге.

9.2. Банк міндettі:

9.2.1. Шарттың қолданылу мерзімі ішінде шоттағы салымның есебін жүргізуге.

9.2.2. Шарт пен өтініш талаптарына сәйкес салымшыға салым бойынша сыйақы есептеу және төлеуге.

9.2.3. Егер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында өзгеше көзделмесе, салымшының талабы бойынша шоттың жай-күйі туралы үзінді көшірмелерді, анықтамаларды ұсынуға.

9.2.4. Егер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында өзгеше көзделмесе, салымшының осы Шартта және өтініште көзделген тәртіппен Салымды қайтару туралы талабын алғаннан кейін салымды қайтаруға;

9.2.5. Салымшының талабы бойынша, егер бұл шартта және өтініште көзделсе, салымның бір бөлігін беруге.

9.2.6. Салымшының шоты бойынша жасалатын операциялардың қатаң құпиялылығын қамтамасыз етуге. Салымшының банктік шоттары бойынша операцияларға қатысты мәліметтер үшінші тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ғана белгілі болуы мүмкін.

9.2.7. Тиісті ресімделген және ұсынылған тиісті уәкілетті мемлекеттік органдардың шешімдері (қаулылары, ұйғарымдары) негізінде салымшының ақшасына тыйым салу, шот бойынша шығыс операцияларын не инкассолық өкімдерді тоқтата тұру туралы уәкілетті мемлекеттік органдардың талаптарын қатаң түрде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес орындауға.

9.2.8. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес ақшаны тыйым салу/шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімдердің (қаулылардың, үйғарымдардың) күшін жою туралы тиісті уәкілетті органдардың жазбаша хабарламалары негізінде шот бойынша операцияларды кайта бастауга.

9.2.9. Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Шартта немесе Тараптар арасында жасалған мәмілелерде көзделген жағдайларда ғана шоттан ақшаны акцептісіз есептен шығаруды жүргізуге.

9.2.10. Салымға немесе оның бір бөлігіне тыйым салынған жағдайларда, осы Шарттың талаптары бойынша салым бойынша сыйақы есептеуге.

9.2.11. Салымшының шотты жабуға өтініші негізінде салымды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде қайтаруға.

9.2.12. Салымды ұзарту кезінде сыйақы мөлшерлемесі оны төмендету жағына қарай өзгерген жағдайда, осы Шарттың талаптарына сәйкес, қосымша келісім жасаспай, салымшыны қолданыстағы мөлшерлемелерді орналастыру түрінде банк филиалдары үй-жайларының операциялық залдарында және/немесе Банктің сайтында тиісті хабарламаны орналастыру арқылы банк салымының мерзімі аяқталғанға дейін сыйақы мөлшерлемесінің өзгергені туралы хабардар етуге.

9.2.13. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және/немесе осы Шартта көзделген болса, үшінші тұлғалардың салымды/салымның бір бөлігін алып қою туралы өкімдерін/талаптарын орындауға.

9.2.14. Банк жеке немесе заңды тұлғаға Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Заңның талаптарына сәйкес Клиентке тиісті тексеру жүргізу шараларын қабылдау мүмкін болмаған жағдайда іскерлік қатынастар орнатудан, сондай-ақ ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операциялар жүргізуден бас тартуға.

9.2.15. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді орындауға.

10. Салымшының құқықтары мен міндеттері

10.1. Салымшы құқылы:

10.1.1. Банк шартқа өзгерістер/толықтырулар енгізген жағдайда, қолданысқа өзгерістер/толықтырулар енгізілген күнге дейін банкке тиісті өтініш жолдай отырып, Шарттан бас тартуға.

10.1.2. Шоттың жай-күйі туралы толық ақпарат алуға.

10.1.3. Егер салым шарттарында көзделсе, шотқа қосымша жарналар енгізуға

10.1.4. Егер салым талаптарында көзделген болса, салым сомасын/салым бөлігін және шарт пен өтініш талаптарына сәйкес есептелген сыйақыны талап етуге.

10.1.5. Шотқа орындалмаған талаптар болмаған жағдайда, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес шотты жабуға өтініш бойынша шотты жабуға.

10.1.6. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес салымға және сыйақыға билік етуді басқа тұлғаға сеніп тапсыруға.

10.1.7. Осы шартты мерзімінен бұрын бұзуға:

- бұл туралы Банкті құнтізбелік 7 (жеті) күн бұрын ескертіп, мерзімді салым бойынша.
- Банкті өтініш бойынша құнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын ескертіп, жеке тұлғаның жинақ салымы бойынша.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 765-бабының 2-1-тармағына сәйкес.

10.1.8. Банк мәжбүрлеп таратылған жағдайда жеке тұлғаның салымы бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген мөлшерде және тәртіппен кепілдік етемақы алуға.

10.2. Салымшы міндетті:

- 10.2.1. Салым валютасында ағымдағы шот ашуға.
- 10.2.2. Шартпен белгіленген тәртіппен шотқа салым сомасын енгізуге.
- 10.2.3. Салым мерзімі ішінде шоттан салымның бір бөлігін талап еткен кезде банктік салымды ашуға арналған өтініште көрсетілген мөлшерде шотта төмендетілмейтін қалдық сомасы сактауға.
- 10.2.4. - Банктін сұрауы бойынша растайтын құжаттарды ұсына отырып) олар өзгерген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша түрде немесе Тараптар келіскең басқа да байланыс құралдары бойынша Банкке өзінің деректемелерінің (сәйкестендіру деректері, БСН/ЖСН нөмірлері, тіркеу/тұру мекенжайлары, телефон нөмірі, электрондық мекенжайы, өзі берген сенімхат бойынша сенім білдірілген адамның өкілеттіктерінің тоқтатылуы және/немесе ол берген сенімхаттың және басқа да мәліметтердің күшін жою туралы хабарлауға.
- 10.2.5. Шарт талаптарын сактауға.
- 10.2.6. Банктің, уәкілетті органдардың, Банктің сұрау салуы бойынша Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл бағдарламалары шенберінде жүргізілетін операциялар туралы акпарат және өзге де мәліметтерді беруге.
- 10.2.7. Бекітілген тарифтерге сәйкес Банктің қызметтеріне ақы төлеуге.
- 10.2.8. Банктің филиалдарында, банктің анықтама қызметінің телефондары және/немесе Банктің сайтында Банктің ставкалары мен тарифтерінің өзгеруі туралы өз бетінше білуге.
- 10.2.9. Осы Шартта белгіленген тәртіппен және талаптарда артық төленген сыйақы сомасын қайтаруға.

11. Дауларды шешу тәртібі тараптардың жауапкершілігі

- 11.1. Тараптар осы Шартты іске асыру барысында Банк пен салымшы арасында туындауы мүмкін даулар мен келіспеушіліктер ізгі ниет пен өзара келісім қағидаттарында реттелуі үшін барлық қажетті күш-жігерді жұмсайды. Егер банк пен салымшы арасындағы келіспеушіліктер мен даулар келіссөздер барысында реттелмеген жағдайда, онда бұл мәселелерді шешу Қазақстан Республикасының сот органдарына қарада берілуі мүмкін.
- 11.2. Осы Шартта көзделмеген барлық басқа жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.
- 11.3. Тараптар осы Шарт бойынша міндettемелерді орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін, егер оларды орындауға тараптардың еркіне тәуелді емес еңсерілмейтін күш мән-жайлары кедергі келтірген жағдайда, сондай-ақ мемлекеттік органдардың Тараптарға осы Шарт бойынша өз міндettемелерін орындауға кедергі келтіретін заңдар, жарлықтар, қаулылар мен нұсқамалар қабылдауы үшін жауапты болмайды.

12. Жеке тұлғаның салымына кепілдік беру

- 12.1. Шарт жасасу сәтінде жеке тұлғаның салымы «Казахстанский фонд гарантирования депозитов» АҚ тарапынан депозиттерге міндettі кепілдік беру объектісі болып табылады.
- 12.2. Жеке тұлғаның салымына кепілдік беру шарттары Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелерімен айқындалады.
- 12.3. Депозиттерге кепілдік беру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасы өзгерген кезде жеке тұлғаның салымына Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгерістері ескеріле отырып айқындалған кепілдік беру шарттары қолданылады.
- 12.4. Банк тартылған депозиттерді қайтару жөніндегі міндettемелеріне Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және депозиттерге міндettі кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйыммен кепілдік берілетін депозиттерге міндettі кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болып табылады. Банк депозиттерге міндettі кепілдік беруді жүзеге асыратын үәкілетті орган берген 2011 жылғы 14 қазандағы №28 Куәлік негізінде әрекет етеді.

13. Шартты бұзу, шотты жабу тәртібі

13.1. Шартты бұзу және шотты жабу жүзеге асырылады:

- Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде шотқа үшінші тұлғалардың орындалмаған талаптары және/немесе ауыртпалықтары болмаған жағдайда, салымшының өтініші негізінде.
- Банктің қолданысы тоқтатылған не Шартты орындаудан бас тартқан жағдайда, банктің өз бетінше.
- тараптардың келісімі бойынша.

13.2. Банк «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерінде көзделген негіздер мен тәртіп бойынша шартты орындаудан бас тартуға құқылы.

13.3. Банк шартты орындаудан бас тартқан кезде Банк шартты бұзады және шотты жабады.

13.4. Шот жабылған кезде Банк банктік салым (және ИК) шотының күшін жояды.

13.5. Шот жабылған кезде Банк Қазақстан Республикасының салық заңнамасында айқындалған жағдайларда, тәртіппен және мерзімдерде салық органдарын хабардар етеді.

13.6. Банк шартты орындаудан бас тартқан кезде Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де әрекеттерді жүзеге асырады.

14. Қорытынды ережелер

14.1. Осы Шарт заң күші бірдей қазақ және орыс тілдерінде жасалды, салым сомасы шотқа түскен күннен бастап күшіне енеді және шарт мерзімі аяқталғанға дейін қолданылады. Сәйкесіздіктер болған кезде орыс мәтіні басым күшке ие.

14.2. Осымен клиент өзінің сөзсіз және қайтарылмайтын келісімін білдіреді:

- дербес және/немесе өзге де деректерді жинауға, өндеуге және осы деректерді кредиттік бюrolарға беруге;
- Банктің мемлекеттік және мемлекеттік емес дерекқорлардан (бұдан әрі – МДБ) клиент, клиенттің уәкілетті өкілі туралы ақпарат алуды;
- МДБ-дан алынған клиент, клиенттің уәкілетті өкілі туралы ақпаратты банкке кредиттік бюро ұсынуға;
- МДҚ операторларынан / иелерінен МДҚ-дан клиент, клиенттің уәкілетті өкілі туралы ақпаратты кредиттік бюро алуға;
- МДБ иелерінің клиент, клиенттің уәкілетті өкілі туралы ақпарат беруіне;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаға клиент, клиенттің уәкілетті өкілі туралы қолда бар және болашақта келіп түсетін ақпаратты беру;
- банктің клиент, клиенттің уәкілетті өкілі туралы ақпаратты «Тұыстық байланыстар» МДҚ-дан немесе тұыстық байланыстар бойынша өзге де МДҚ-дан, оның ішінде балалар туралы мәліметтерді алуды;
- Банктің салық құпиясын құрайтын мәліметтерді, дербес медициналық деректерді, сондай-ақ заңмен қорғалатын құпияның өзге де түрлерін қамтитын ДБ-дан клиент, клиенттің уәкілетті өкілі туралы ақпарат алуды.

14.3. Осы Шартта реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының ережелеріне сәйкес шешіледі.

14.4. Шарттың ережелері нормативтік құқықтық актілерге қайшы келген жағдайда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормалары қолданылады.

14.5. Өтінішке қол қоя отырып, Салымшы өтінішке қол қою сәтінде қолданылып жүрген жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының банктеріндегі салымдарына міндетті кепілдік беру шарттары туралы хабардар етілгенін раdstайды және осы Шарттың барлық талаптарымен, сондай-ақ «Казахстан-Зираат Интернешнл Банк» Еншілес Банкі» акционерлік қогамында операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы Қағидалармен және оларды қандай да бір қарсылықтарсыз және ескертулесіз қабылдай отырып, Банктің тарифтерімен/комиссияларымен келіседі.